

"Мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалау әдістемесін бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2020 жылғы 26 ақпандағы № 1-НҚ және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 26 ақпандағы № 201 бірлескен нормативтік қаулысы мен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2021 жылғы 15 сәуірдегі № 2-НҚ және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 16 сәуірдегі № 351 бірлескен нормативтік қаулысы мен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 20 сәуірде № 22570 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығымен бекітілген Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесінің 27-тармағына сәйкес Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті (бұдан әрі – Есеп комитеті) ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қазақстан Республикасының Қаржы министрі БҰЙЫРАДЫ:

1. "Мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалау әдістемесін бекіту туралы" Есеп комитетінің 2020 жылғы 26 ақпандағы № 1-НҚ және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 26 ақпандағы № 201 бірлескен нормативтік қаулысы мен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20072 болып тіркелген, 2020 жылғы 2 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бірлескен нормативтік қаулымен және бұйрықпен бекітілген Мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалау әдістемесінде:

2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Осы Әдістемеді мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) индикатордың жоспарлы мәндерін түзету – стратегиялық жоспардың нысаналы индикаторларының жоспарлы мәндерін төмендету;

2) нысаналы индикатордың іс жүзіндегі орындалу серпіні – мемлекеттік органның қызметіне байланысты емес факторларға негізделген іс-шаралар мен міндеттемелерді орындамау жағдайларын қоспағанда, өткен кезеңнің фактісімен салыстырғанда

стратегиялық жоспардың нысаналы индикаторларының іс жүзінде орындалуының нашарламауы;

3) индикатордың артығымен орындалуы – индикатордың іс жүзіндегі мәнінің жоспарлы мәннен 25%-ға және одан астам артық орындалуы;

4) бюджеттік бағдарламаның орындалу тиімділігі – қойылған мақсаттарға неғұрлым аз шығынмен қол жеткізу, шығындары бар нәтижелерді салыстыру (арақатынасы) арқылы анықталады;

5) тікелей нәтиже – қол жеткізілуі мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыратын немесе мемлекеттік қызметтер көрсететін ұйымдардың қызметіне толық байланысты болатын, көзделген бюджет қаражаты шегінде атқарылатын осы функциялар, өкілеттіктер және көрсетілетін қызметтер көлемінің сандық сипаттамасы;

6) түпкілікті нәтиже – мемлекеттік орган қызметінің тікелей нәтижелерге қол жеткізуіне негізделген стратегиялық жоспардың, аумақты дамыту бағдарламасының және (немесе) бюджеттік бағдарламаның мақсатына қол жеткізуді санмен өлшейтін бюджеттік бағдарлама көрсеткіші;

7) жалпыұлттық көрсеткіштер – бұл өңірлердің экономикалық жағдайын көрсететін макроэкономикалық көрсеткіштер. Олар каскадталған және (немесе) мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған стратегиялық құжаттарынан декомпозицияланған;

8) өңірлік көрсеткіштер – жергілікті атқарушы органның өкілеттіктері мен функцияларын орындауға тікелей байланысты көрсеткіштер, олар халықтың өмір сүру сапасын дамытуға бағытталған (күрделі жөндеуді талап ететін кондоминиум объектілерінің үлесін азайту, халықты тазартылған сарқынды сулармен қамту және осыған ұқсас).";

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Бағаланатын мемлекеттік органдар жыл сайын Бағалау кестесінде белгіленген мерзімде есепті (күнтізбелік) жылдың қорытындысы бойынша есептік ақпаратты электрондық және қағаз жеткізгіштерде бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдарға:

1) Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мақсаттардың, нысаналы индикаторлардың орталық мемлекеттік органның бюджеттік бағдарламаларымен өзара байланысы туралы ақпаратты;

2) Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағаланатын бюджеттік даму бағдарламаларының (жергілікті атқарушы органдар) тікелей нәтижелеріне қол жеткізу туралы ақпаратты;

3) Әдістемеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Азаматтық бюджет жарияланымдарының мазмұнына және орналастыру тәртібіне қойылатын талаптарды орындау туралы ақпаратты;

4) түсіндірме жазбаны (жергілікті атқарушы органдар) ұсынады.

Жергілікті атқарушы органдардың бағаланатын бюджеттік даму бағдарламаларының тікелей нәтижелеріне қол жеткізуі туралы түсіндірме жазбада бағалау өлшемшарттары бөлінісінде ақпарат көрсетіледі.

Мемлекеттік органдар бағалайтын стратегиялық жоспардың нысаналы индикаторларын нақты орындау көрсеткіштері үтірден кейін екі белгіге дейін математикалық дөңгелектеуді ескере отырып қалыптастырылады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік аудит нәтижелері және мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының нұсқамаларын, қаулыларын орындау туралы ақпаратты бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

Мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалау ұсынылған есептік ақпарат, сондай-ақ Бағалау кестесіне сәйкес олардың ресми интернет-ресурстарында орналастырылған:

- 1) орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары;
- 2) жергілікті атқарушы органдардың аумақтарды дамыту бағдарламалары;
- 3) стратегиялық жоспарларды іске асыру туралы есептер;
- 4) аумақтарды дамыту бағдарламаларын іске асыру туралы есептер;
- 5) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бағаланатын орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың бюджетті атқаруы туралы статистикалық есебі;
- 6) статистикалық және ведомстволық деректер;
- 7) халықаралық рейтингілер;
- 8) Азаматтық бюджет туралы деректер;
- 9) басқа да дереккөздер (болған жағдайда) негізінде жүзеге асырылады.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Қайта тексеру шеңберінде бағалауға уәкілетті органдар құпиялылық белгісі, сондай-ақ "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар құжаттарды қоспағанда, растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін алады.

Егер нысаналы индикаторды есептеу кезінде бірнеше жыл ішіндегі жинақтаушы деректер қолданылса, онда есептік ақпараты қайта тексеруге жататын органдар жинақтаушы есептеулердің анықтығын растайтын бірнеше жыл ішіндегі ақпаратты береді.

Есептік ақпараты қайта тексеруге жататын мемлекеттік органдар растайтын құжаттарды осы рәсімді жүргізу кезеңінде ғана ұсынады. Сондай-ақ орталық мемлекеттік органдар үшін растайтын құжаттар (атап айтқанда ресми хаттар, сұрау салулар және тағы басқа) есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанына дейінгі күнмен, жергілікті атқарушы органдар үшін – есепті жылдан кейінгі жылдың 1 наурызына дейінгі күнмен ұсынылады.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Бағаланатын мемлекеттік орган анық емес есептік ақпаратты ұсынғаны/орналастырғаны үшін әрбір тіркелген факт үшін 0,2 айыппұл балы шегеріледі.

Қайта тексеру барысында шындыққа сәйкес келмейтін фактілер анықталған есептік ақпарат анық емес болып танылады.

Мемлекеттік органның стратегиялық жоспарының немесе аумақтарды дамыту бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізу бойынша анық емес ақпаратты ұсынғаны үшін 2,5-тен аспайтын балл және бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша 2,5-тен аспайтын балл шегеріледі.

Бағаланатын мемлекеттік орган өткен есепті жылдың Салыстырып тексеру актісін ескере отырып, анық емес есептік ақпаратты қайта ұсынғаны/орналастырғаны үшін әрбір тіркелген факт үшін 0,5 айыппұл балы шегеріледі.

Шегерілетін айыппұл балдарының жалпы сомасы 6,5 балдан аспайды.

Анық емес ақпаратты ұсыну фактілері деректерді қайта тексерудің қорытындысы бойынша Салыстырып тексеру актісінде тіркеледі.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Жергілікті атқарушы органның аумақты дамыту бағдарламасының нысаналы индикаторы бойынша нақты көрсеткіштің жоспарлы мәннен 25-99,99%-ға артығымен орындалуы белгіленсе, онда жоспарлы мәндердің артығымен орындалуының әрбір тіркелген фактісі үшін 0,5 айыппұл балы, 100%-ға және одан көп – 0,9 балл шегеріледі. Көрсеткіштердің артығымен орындалуы тек өңірлік көрсеткіштер бойынша ескеріледі." ;

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. "Аі" "Стратегиялық жоспардың мақсатына қол жеткізу" өлшемшарты бойынша бағалау мына формула бойынша есептеледі:

$$A_i = \frac{1}{m} \sum_{j=1}^m h_j,$$

мұнда:

h_j – стратегиялық жоспардың тиісті мақсатына қол жеткізу үшін көзделген әрбір нысаналы индикаторға қол жеткізу коэффициенті;

m – стратегиялық жоспардың тиісті мақсатына қол жеткізу үшін көзделген нысаналы индикаторлардың саны.

Егер нысаналы индикатор серпінінің сипаты оң болса, нысаналы индикаторға қол жеткізу коэффициенті іс жүзінде орындалғанның жоспарлы мәнге арақатынасына тең болады:

$h_j = \text{факт/жоспар}$.

Егер нысаналы индикатор серпінінің сипаты теріс болса, нысаналы индикаторға қол жеткізу коэффициенті:

$h_j = 2$ – факт/жоспарға тең болады.

Серпіннің теріс сипатындағы көрсеткіштің нақты мәні жоспарлы мәннен 2 есе немесе одан да көп болғанда, онда осы нысаналы индикаторға қол жеткізу коэффициенті 0-ге теңестіріледі.

Бұл ретте:

егер $h_j \geq 1$, онда $h_j = 1$,

егер $h_j < 1$, онда $h_j =$ фактінің жоспарлы мәнге арақатынасы/жоспарланған мәннің нақты орындалғанға арақатынасы;

егер $h_j < 0$, онда $h_j = 0$.

Есепті кезеңде жоспарлы мәні жоқ нысаналы индикатор стратегиялық жоспардың мақсатына қол жеткізу коэффициентін есептеуге алынбайды.

Мемлекеттік органның қызметіне тәуелді емес факторларға байланысты (Үкіметтің тапсырмалары, төтенше жағдайлардың салдарлары) іс-шаралар мен міндеттемелердің орындалмау жағдайларын қоспағанда, тиісті қаржы жылына арналған нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштерінің жоспарлы мәндерін төмендетуге жол берілмейді.

Нысаналы индикатордың өлшем бірлігі уақыт болғанда (сағат: минут), онда индикаторға қол жеткізуді есептеу кезінде өлшем бірлігінің бірыңғай форматы (сағаттар немесе минуттар) есепке алынады.

12 айдың деректерін ұсыну мүмкін болмаған кезде, нысаналы индикатор стратегиялық жоспардың мақсатына қол жеткізу коэффициентін есептеуге алынбайды.

Жоспарлы және нақты мәні 0-ге (оң серпін кезінде) тең нысаналы индикатор есептеуге алынбайды.

Стратегиялық жоспардың мақсаттарына қол жеткізу коэффициентін есептеу кезінде индикаторды артығымен орындау фактілерінің, индикатордың жоспарлы мәндерін азаю жағына қарай түзетулердің болуы, өткен жылдың фактісімен салыстырғанда фактінің оң серпінінің болмауы ескеріледі.

Мемлекеттік органның қызметіне тәуелді емес факторларға байланысты (Үкіметтің тапсырмалары, төтенше жағдайлардың салдарлары) (іс-шаралар мен міндеттемелердің орындалмау) жағдайларды қоспағанда, индикатордың жоспарлы мәндерінің азаю және/немесе қол жеткізілмеу жағына қарай түзетулерді қоспағанда, аталған фактілер болған жағдайда, h_j нысаналы индикаторына қол жеткізу нәтижесі 0,9 коэффициентіне көбейтіледі.

Артығымен орындау фактісі 100%-дан асқанда, h_j нысаналы индикаторына қол жеткізу нәтижесі 0,8 коэффициентіне көбейтіледі.

Бағалау кезінде "Күпия" деген белгісі бар мақсаттар мен нысаналы индикаторлар ескерілмейді.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша мемлекеттік органдардың тиімділігін бағалауды бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

Ві өлшемшарты бойынша стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін көзделген бюджеттік бағдарламалардың белгіленген нәтижелерін іске асырудың тиімділігі бағаланады.

Есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейінгі мақсаттарға қол жеткізуде бюджеттік бағдарламалардың орындалу тиімділігінің коэффициентін бағалау үшін есепті кезеңде бағаланатын орталық мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларына талдау жүргізіледі. Мақсаттарға қол жеткізу үшін көзделген бюджеттік бағдарламалардың орындалу тиімділігін айқындау бойынша жұмыс есептері жүргізіледі (бюджеттік бағдарламаның тікелей және түпкілікті нәтижелерінің орташа мәндеріне қол жеткізу пайызы тиісті қаржы жылына бөлінген қаражаттың нақты игерілу пайызына бөлінеді және 100-ге көбейтіледі).";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Стратегиялық жоспардың мақсатына қол жеткізуді және мақсатқа қол жеткізуде бюджеттік бағдарламалар көрсеткіштерін есептеу формуласы:

$$R_i = (A_i + B_i) / 2 \times C_i ,$$

мұнда:

A_i – стратегиялық жоспардың мақсатына қол жеткізу коэффициенті;

B_i – стратегиялық жоспардың мақсаттарына қол жеткізудегі бюджеттік бағдарламалардың орындалу тиімділігінің коэффициенті;

C_i – стратегиялық жоспар мақсатының бюджеттік бағдарламалармен өзара байланыс коэффициенті.

Стратегиялық жоспардың мақсатына қол жеткізу және бюджеттік бағдарламалардың орындалу тиімділігін қорытынды есептеу кезінде әрбір нысаналы индикатор бойынша коэффициент есептеледі.";

43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"43. Жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін операциялық бағалау мынадай өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) аумақты дамыту бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізу;
- 2) бағаланатын кезеңде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының даму бағдарламаларын тексерудің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде бұзушылықтардың болмауы;
- 3) бюджеттік даму бағдарламаларының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу;
- 4) бюджеттік даму бағдарламасын орындаудың тиімділігі;
- 5) Азаматтық бюджет жарияланымдарының сапасы мен мазмұны;
- 6) бюджеттеудің жаңа практикаларын (халық қатысатын бюджет) пайдалану.

"Аумақты дамыту бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізу" өлшемшарты бойынша жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалауды Есеп комитеті жүзеге асырады.

"Бағаланатын кезеңде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының даму бағдарламаларын тексерудің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде бұзушылықтардың болмауы", "Бюджеттік даму бағдарламасының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу", "Азаматтық бюджет жарияланымдарының сапасы мен мазмұны", "Бюджеттеудің жаңа практикаларын (халық қатысатын бюджет) пайдалану" және "Бюджеттік даму бағдарламасын орындаудың тиімділігі" өлшемшарттары бойынша тиімділікті бағалауды бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган "Бағаланатын кезеңде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының даму бағдарламаларын тексерудің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде бұзушылықтардың болмауы", "Бюджеттік даму бағдарламасының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу", "Бюджеттік даму бағдарламасын орындаудың тиімділігі", "Азаматтық бюджет жарияланымдарының сапасы мен мазмұны" және "Бюджеттеудің жаңа практикаларын (халық қатысатын бюджет) пайдалану" өлшемшарттары бойынша қорытындыны қалыптастырады және кестеде белгіленген мерзімде Есеп комитетіне жібереді.";

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"46. "Аумақты дамыту бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізу" өлшемшартын есептеу аумақты дамыту бағдарламасының тиісті бөлімінің негізінде мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$D = \frac{1}{m} \sum_{j=1}^m h_j \times 100,$$

мұнда:

D – аумақты дамыту бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізу коэффициенті;

h_j – тиісті мақсатқа қол жеткізу үшін көзделген әрбір нысаналы индикаторға қол жеткізу коэффициенті;

m – нысаналы индикаторлардың жалпы саны.

Бұл ретте:

егер $h_j \geq 1$, онда $h_j = 1$,

егер $h_j < 1$, онда $h_j =$ фактінің жоспарлы мәнге арақатынасы;

егер $h_j < 0$, онда $h_j = 0$.

"Аумақты дамыту бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізу" өлшемшарты бойынша бағалау Әдістемеге 10-қосымшада көрсетілген жалпыұлттық және өңірлік көрсеткіштер негізінде жүзеге асырылады.

Егер нысаналы индикатор серпінінің сипаты оң болса, нысаналы индикаторға қол жеткізу коэффициенті іс жүзінде орындалғанның жоспарлы мәнге арақатынасына тең болады:

$$hj = \text{факт/жоспар.}$$

Егер нысаналы индикатор серпінінің сипаты теріс болса, нысаналы индикаторға қол жеткізу коэффициенті:

$$hj = 2 - \text{факт/жоспарға тең болады.}$$

Серпіннің теріс сипатындағы көрсеткіштің нақты мәні жоспарлы мәннен 2 есе немесе одан да көп болғанда, онда осы нысаналы индикаторға қол жеткізу коэффициенті 0-ге теңестіріледі.";

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. "Бағаланатын кезеңде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының даму бағдарламаларын тексерудің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде бұзушылықтардың болмауы" өлшемшарты бойынша бағалау жүргізу кезінде мыналар:

тексеріс жүргізілген мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органы;
есепті кезеңді қамтыған тексерулер саны;

аудитпен қамтылған мемлекеттік органның және оның ведомстволық бағынысты мекемелерінің бюджет қаражатының жалпы көлемі;

есепті кезеңде қолданыстағы заңнама шеңберінде анықталған бұзушылықтар, соның ішінде:

қаржылық бұзушылықтар;

бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік заңнамасын бұзушылық;

камералдық бақылаумен анықталған бұзушылықтарды және конкурстарды ұйымдастырушылар сот тәртібінде шағымданған бұзушылықтар сомаларын қоспағанда, мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың бұзушылықтары көрсетіледі.

Ішкі аудит қызметі жүргізген бюджеттік шығыстармен өзара байланыста аумақты дамыту бағдарламаларының мақсаттарына қол жеткізуді талдаудың болуы туралы ақпарат ұсынылады.";

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"50. "Бюджеттік даму бағдарламасының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу" өлшемшарты бойынша балл "Бюджеттік даму бағдарламасының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу" және "Бюджеттік бағдарламалар нәтижелілігі көрсеткіштерін жоспарлау сапасы" деген екі көрсеткіш бойынша айқындалады.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері орындалатын мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер мен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің аталған бюджеттік бағдарлама бойынша

көзделген бюджет қаражаты шегіндегі көлемінің сандық сипаттамасын көрсететін көрсеткіштер болып табылады.

Бюджеттік даму бағдарламалары бойынша тікелей нәтиже көрсеткіштерінде бюджеттік инвестициялардың атаулары бойынша тізбесі көрсетіледі. Бұл ретте, ұзақ жалғасатын сипаттағы объектілер іске асырылған кезде ағымдағы қаржы жылында орындалатын жұмыстар мен қызметтердің көлемі көрсетіледі, ал олар аяқталған жағдайда, ағымдағы қаржылық жылы аяқталған инвестициялық жобалардың атаулары көрсетіледі. Орындалатын жұмыстардың және қызметтердің көлемі нақты мәнінде көрсетіледі.

Егер даму бағдарламалары бойынша ағымдағы шығыстар (кредиторлық берешекті өтеу, конкурстарды өткізуге, активтерді сатып алуға, құқық белгілейтін және растайтын құжаттарды алуға арналған шығыстар) көзделсе, онда осы бағдарлама бағалау кезінде ескерілмейді.

Орындалған жұмыс көлемдерінің актілеріне келесі қаржы жылының қаңтарында қол қойылғанда, тікелей нәтижені қол жеткізілген ретінде ескеру қажет.

Бір бюджеттік бағдарлама бойынша тікелей нәтижеге қол жеткізу балы мынадай формула бойынша айқындалады:

$$Z = F/Q * 18$$

мұнда:

Z – бір бюджеттік бағдарлама бойынша тікелей нәтижеге қол жеткізу балы;

F – әрбір іс-шараның нақты қол жеткізілген көрсеткіштерінің саны;

Q – бюджеттік бағдарламалар көрсеткіштерінің жалпы саны;

18 – бюджеттік даму бағдарламасының тікелей нәтижелеріне қол жеткізудің ең жоғары балы.

Тікелей нәтижеге қол жеткізу өлшемшарты бойынша ең жоғары балл – 20, соның ішінде бюджеттік даму бағдарламаларының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу – 18 балл ; бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштерін жоспарлау сапасын қамтамасыз ету – 2 балл.

Бұл ретте 80% және одан астам нәтижесі бар көрсеткіштерге нақты қол жеткізілді деп есептеледі

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша әрбір бюджеттік бағдарлама бойынша балдарды қосу және алынған соманы бюджеттік бағдарламалардың жалпы санына бөлу жолымен барлық бюджеттік бағдарламалар бойынша тікелей нәтижелерге қол жеткізудің орташа балы айқындалады.

Жергілікті атқарушы орган бойынша жергілікті бюджеттік бағдарламалардың барлық әкімшісі бойынша бюджеттік даму бағдарламаларының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу өлшемшарттары бойынша орташа бағалау айқындалады.

Осы өлшемшарттың көрсеткіштерін артығымен орындаған кезде көрсеткіш бойынша 100% мәні ескеріледі.

Жарғылық капиталдың ұлғаюын көздейтін бюджеттік бағдарламалар бойынша нәтижелерге қол жеткізуді бағалау іске асырылуы бағаланатын қаржы жылына көзделген қаржылық-экономикалық негіздемеде көрсетілген іс-шаралар бойынша жүзеге асырылады.

Бюджеттік бағдарламалар бойынша тікелей нәтижелер көрсеткіштері сандық сипаттамалардың орнына тікелей нәтижеге қол жеткізуді бағалауға мүмкіндік бермейтін іс-шараларды көздесе, онда осы бюджеттік бағдарлама сапасыз жоспарлаудың нәтижесі ретінде бағаланады.

Бюджеттік даму бағдарламаларын іске асыру шеңберінде талдамалық ақпарат үшін жоспарланған объектілерді белгіленген мерзімде (жоспар және факт) тапсыру (енгізу) туралы деректер және есепті кезеңде пайдалануға берілмеген объектілер тізбесі пайдалануға берудің кешіктірілу себептері көрсетіле отырып ұсынылады.

"Бюджеттік бағдарламалар нәтижелілігінің көрсеткіштерін жоспарлау сапасы" көрсеткіші бойынша бағалау бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бекіткен бюджеттік бағдарламалар нәтижелілігінің көрсеткіштерін талдау арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органның барлық бюджеттік бағдарламаларында санмен өлшенетін және бағалауға жататын, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің мақсаттары мен міндеттеріне және мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкес келетін нәтижелілік көрсеткіштері болған кезде, оларға ең жоғары балл беріледі.

Бюджеттік бағдарламада тікелей және/немесе түпкілікті нәтиже болмаған кезде, тікелей нәтижеге қол жеткізуді бағалауға мүмкіндік бермейтін сандық сипаттамалардың орнына іс-шаралар болған, тікелей нәтижелердің түпкілікті нәтижелермен қайталануы, бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің басқа бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерімен қайталануы, өлшенбейтін мәндер, жоспарлы мәндердің төмендеуі, сондай-ақ тікелей нәтижелер көрсеткіштерінің бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің мақсаттары мен міндеттеріне мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкес келмеуі, сондай-ақ объектілерді салудың (реконструкциялау) нормативтік мерзімдері асып кеткен жағдайда оған 0 балл беріледі.

Одан әрі тиісті балл берілетін аталған көрсеткіш бойынша бағаланатын барлық бюджеттік бағдарламалар бойынша орташа балл айқындалады.

Бекітілген бюджеттік бағдарламалар және оларды іске асыру бойынша есептер, сондай-ақ есепті кезеңде тікелей көрсеткіштерге қол жеткізудің нақты мәнін растайтын құжаттар, соның ішінде орындалған жұмыстар актілері, объектілерді қабылдау актілері, жүкқұжаттар, қабылдау-тапсыру актілері, жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеу кезіндегі мемлекеттік сараптама қорытындылары ақпарат көздері болып табылады.";

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"55. Осы өлшемшарт бойынша бюджеттік қатынастардың жаңа құралы ретінде азаматтардың, жұртшылықтың қатысуымен (халық қатысатын бюджет) өңір бюджетінің белгілі бір үлесінің жоспарлануы мен атқарылуы бағаланады. Өлшемшарт

халықтың қоғамдық қаржыны басқаруға қатысуына, оның мемлекеттік шешімдерді қабылдаудың нақты процесіне қатысты болуына және осы шешімдерге ықпал ету мүмкіндігіне бағытталған (жергілікті маңызы бар жобаларды қалыптастыру, осы мақсаттарға көзделген бюджет қаражатының нысаналы және тиімді атқарылуын іске асыру және бақылау жолымен).

Бұл ретте азаматтардың қатысуымен және олардың ұсыныстары бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының бюджеті 5%-ға дейін бөлінгенде 1,2, 3%-ға дейін - 1,1 бонустық түзету коэффициенті қолданылады.";

56-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"56. Жергілікті атқарушы органдарды операциялық бағалаудың қорытынды балы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$RЖАО == ((0,3*D+0,7*T)*0,5) + ((L + Z + G + O) * N) - W$$

мұнда:

RЖАО – жергілікті атқарушы органдарды мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалаудың қорытынды балы;

D – жалпыұлттық көрсеткіштерге қол жеткізу;

T – өңірлік көрсеткіштерге қол жеткізу;

L – бағаланатын кезеңде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының даму бағдарламаларын тексерудің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде бұзушылықтардың болмауы;

Z – бюджеттік даму бағдарламасының тікелей нәтижелеріне қол жеткізу;

G – бюджеттік даму бағдарламасын орындаудың тиімділігі;

O – Азаматтық бюджет жарияланымдарының сапасы мен мазмұны;

N – бюджеттеудің жаңа практикаларын пайдалану (халық қатысатын бюджет);

W – айыппұл балдары.";

Әдістемеге 3 және 8-қосымшалар осы бірлескен нормативтік қаулы мен бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен нормативтік қаулы мен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Әдістемеге 10-қосымшамен толықтырылсын.

2. Есеп комитетінің Заң бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен нормативтік қаулының және бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен нормативтік қаулының және бұйрықтың Есеп комитетінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен нормативтік қаулының және бұйрықтың орындалуын бақылау Есеп комитетінің аппарат басшысына және жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен нормативтік қаулы және бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі *Е. Жамаубаев*
 Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі *Р. Ахметов*

Қазақстан Республикасы
 Қаржы министрінің
 2021 жылғы 16 сәуірдегі № 351
 мен Республикалық бюджеттің атқарылуын
 бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2021 жылғы
 15 сәуірдегі № 2-НҚ бірлескен
 нормативтік қаулысы мен бұйрығына 1-қосымша
 Мақсаттарға қол жеткізу блогы
 бойынша операциялық
 бағалау әдістемесіне
 3-қосымша

интернет-ресурсында (мемлекеттік органның атауы)

Азаматтық бюджет жарияланымдарының мазмұны мен орналастыру тәртібіне қойылатын талаптардың орындалуы туралы ақпарат

(есепті кезең)

| № | Бюджеттік процесстің бөлімдері, сатылары, Қағидалардың тармақтарына сілтеме | Талаптардың мазмұны | Орналастыру кезеңділігі, уақыты мен мерзімі | ЖАО-ғы ББӘ саны | Талаптарға сәйкестік %-ы, орындалған, сақталған, орналастырған | Іс жүзінде орындалғаны +/- | Сайтқа сілтеме |
|--|---|---|---|-----------------|--|----------------------------|----------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | |
| 1-бөлім. Азаматтық бюджетті жасау және орналастыру тәртібі | | | | | | | |
| 1. | Қағидалардың 3-т. | Сайтта бюджетті жоспарлау сатысында және атқару сатысында бөлімдері бар Азаматтық бюджет жеке салымының болуы | | | | | |
| 2. | Қағидалардың 5-т. | Ақпаратты мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастыру | | | | | |
| | | Азаматтық бюджеттің мазмұны қысқа, түсінікті, азаматтар үшін оңай ұғынылатын нысанда жазылады, оны жариялаған кезде | | | | | |

| | | | | | | |
|--|-------------------|--|--|--|--|--|
| 3. | Қағидалардың 6-т. | инфографика, суреттер, схемалар, диаграммалар, кестелер және басқа да таныстыру нысандары пайдаланылады. Көлемді материалдар машина оқитын форматта ұсынылады (мысалы, кестелер – Excel-де, мәтіндік материал – Word-та) | | | | |
| 4. | Қағидалардың 8-т. | Азаматтық бюджетті жасау кезінде бюджеттік жоспарлау, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органдардың және мемлекеттік жоспарлау, бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері аппараттарының р е с м и интернет-ресурстарында (бұдан әрі – уәкілетті органдардың интернет-ресурстары) " Азаматтық бюджет" салымында Қазақстан Республикасының бюджеттік процесінің қысқаша сипаттамасы орналастырылады. | | | | |
| | Қағидалардың 9-т. | Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдар, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер , ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары бюджет процесін сипаттау кезінде бюджетті жоспарлаудың негізгі рәсімдерін көрсетеді. | | | | |
| 2-бөлім. 1-саты. Бюджетті жоспарлау (қалыптастыру, бекіту, нақтылау) | | | | | | |

Мемлекеттік жоспарлау, бюджетті жоспарлау, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдарға, облыстық, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) деңгейіндегі әкімдер аппараттары

| | | | | | | |
|----|--------------------|--|--|--|--|--|
| | Қағидалардың 10-т. | "Бюджетті жоспарлау (қалыптастыру, бекіту, нақтылау) сатысында" бөлімі "Қазақстан Республикасының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері" немесе "Өңірдің негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері", "Республикалық бюджеттің түсімдері мен шығыстары", тиісті бюджеттің "Дефициті (профициті)" деген кіші бөлімдерді қамтиды | | | | |
| 5. | Қағидалардың 11-т. | Республикалық деңгейде негізгі әлеуметтік көрсеткіштер: ең төмен күнкөріс деңгейінің мөлшері, айлық есептік көрсеткіш, ең төменгі және орташа айлық номиналды жалақы мөлшері, ең төменгі зейнетақы мөлшері және базалық зейнетақы төлемі, жұмыссыздық деңгейі көрсетіледі. | | | | |
| | | Өңірдің негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері: (жоспарланған үш жылдық кезеңге облыстық деңгейде, республикалық маңызы бар қала, астана деңгейінде), алдыңғы жылдармен салыстырғандағы жалпы өңірлік өнімнің (бұдан әрі – ЖӨӨ) болжамды деңгейі. | | | | |
| | | Жергілікті бюджеттер деңгейінде айлық есептік көрсеткіш, ең төменгі және орташа айлық жалақы мөлшері, ең төменгі зейнетақы мөлшері, стипендия, | | | | |

| | | | | | | | |
|---------------------------------------|------------------------------|---|--|--|--|--|--|
| | | жәрдемақы мөлшері көрсетіледі. | | | | | |
| | Қағидалардың 12-13-т. | алдыңғы жылдармен салыстыру жолымен үш жылдық кезеңге жоспарланып отырған бюджет түсімдері мен шығыстары туралы ақпарат (салық, салықтық емес түсімдер, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер, трансферттер түсімдері). | | | | | |
| 6. | Қағидалардың 14-16-т. | <p>Бюджет шығыстарында функционалдық топтар бөлінісінде мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға бағытталған шығыстарға талдау, сондай-ақ алдыңғы жылдармен салыстырғандағы жоспарланған үш жылдық кезеңге негізгі басым бағыттар бойынша шығыстарға талдау келтіріледі.</p> <p>Бюджеттің "Тапшылығы (профициті)" деген кіші бөлімде тиісті кезеңге арналған республикалық бюджет туралы заңға немесе жергілікті бюджет туралы мәслихат шешіміне сәйкес республикалық бюджеттің тапшылығын (профицитті пайдалану) қаржыландыру көлемінің деректері көрсетіледі. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген үкіметтік борыш лимиті туралы ақпарат көзделеді.</p> | | | | | |
| Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері | | | | | | | |
| 5. | Қағидалардың 18-т. (1-абзац) | Тікелей және түпкілікті нәтижелер көрсеткіштері бар жоспарланып отырған шығыстарды сипаттай отырып (млн. теңгеде), бюджеттік | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|------------------------------|--|--|--|--|--|--|
| | | бағдарламалар туралы ақпарат. | | | | | |
| 6. | | Бюджетті бекіту (нақтылау) жөніндегі ақпарат | Бюджет бекітілгеннен кейін күнтізбелік 15 күн ішінде | | | | |
| 7. | Қағидалардың 18-т. (2-абзац) | Мемлекеттік бағдарламалар бойынша жоспарланып отырған шығыстар туралы ақпарат. | | | | | |
| 3-саты. "Бюджетті атқару" | | | | | | | |
| Мемлекеттік жоспарлау, бюджетті жоспарлау, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдарға, облыстық, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) деңгейіндегі әкімдер аппараттары | | | | | | | |
| | Қағидалардың 19-т. | "Бюджетті атқару сатысында" деген бөлім ай сайынғы негізде қалыптастырылады. | | | | | |
| 8 | | Кірістер бойынша есепті кезеңге жоспарлы деректермен салыстырғандағы, есепті жылға жоспарлы деректермен салыстырғандағы, сондай-ақ тиісті есепті күнге алдыңғы кезеңдердің (кемінде соңғы үш жыл) нақты деректермен салыстырғандағы есепті деректер көрсетіледі. | | | | | |
| | | Шығыстар бойынша есепті кезеңге жоспарлы цифрлармен салыстырғандағы, есепті жылға жоспарлы цифрлармен салыстырғандағы, сондай-ақ тиісті есепті күнге алдыңғы кезеңдердің (кемінде соңғы үш жыл) нақты цифрларымен салыстырғандағы ағымдағы атқару көрсетіледі. Шығыстардың негізгі басым бағыттары көрсетіледі (деректер | | | | | |

| | | | | | | | |
|---------------------------------------|--------------------|---|--------------------------------|--|--|--|--|
| | Қағидалардың 20-т. | үдемелі қорытындымен көрсетіледі). | | | | | |
| 9 | Қағидалардың 21-т. | Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің (ЖІӨ/ ЖӨӨ, инфляция деңгейі, жұмыссыздық деңгейі) атқарылуы | Ай сайын 25-не дейін | | | | |
| 10 | Қағидалардың 22-т. | Республикалық деңгейдегі мемлекеттік борыш жөніндегі ақпарат борыш құрылымы бойынша бөліністегі соңғы бес жылдағы мемлекеттік борыштың (Қазақстан Республикасы Үкіметінің борышы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің борышы, жергілікті атқарушы органдардың борышы) серпінін қамтиды. Сондай-ақ, мемлекеттік борыштың ЖІӨ-ге қатынасын сақтау көрсетіледі. | | | | | |
| Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері | | | | | | | |
| 11 | Қағидалардың 24-т. | Нысаналы индикаторларға қол жеткізу туралы стратегиялық жоспар көрсеткіштерін орындау нәтижелері | жылына бір рет 1 ақпанға дейін | | | | |
| 12 | | Бюджеттік бағдарламаларды іске | жылына бір рет | | | | |

| | | | | | | | |
|----|--------------------|--|---|--|--|--|--|
| | Қағидалардың 24-т. | асыру туралы есеп (млн. теңгеде) | 1 ақпанға дейін | | | | |
| 13 | Қағидалардың 24-т. | Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарларының орындалуы туралы есеп (млн. теңгеде) | жартыжылдық үшін 1 тамызға дейін және бір жыл үшін келесі жылдың 1 ақпанына дейін | | | | |
| 14 | Қағидалардың 24-т. | Қайырымдылықтан түскен түсімдер мен ақша жұмсалуды туралы есеп (млн. теңгеде) | жартыжылдық үшін 1 тамызға дейін және бір жыл үшін келесі жылдың 1 ақпанына дейін | | | | |
| 15 | Қағидалардың 24-т. | Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау қорытындысы бойынша ақпарат | жартыжылдық үшін 1 тамызға дейін және бір жыл үшін келесі жылдың 1 ақпанына дейін | | | | |
| | | Балдардың жиынтығы: | | | | | |
| | | Сәйкестіктің үлес салмағы %-пен: (8-баған жиынтығы/ факті бойынша тармақтар саны (14)*00 | | | | | |

● Бар, орналастырылған, орындалған, сақталған, сәйкес келеді: кестеде + деген белгімен белгілеу, 1 балл

● Жоқ, орналастырылмаған, орындалмаған, сақталмаған, сәйкес келмейді: - деген белгі, 0 балл

- Бар, бірақ ішінара – +/- деген белгі, 0,5 балл
- ББӘ – бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі
- ЖАО – жергілікті атқарушы органдар

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2021 жылғы 16 сәуірдегі № 351
мен Республикалық бюджеттің атқарылуын
бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2021 жылғы
15 сәуірдегі № 2-НҚ
бірлескен нормативтік
қаулысы мен бұйрығына
2-қосымша
Мақсаттарға қол жеткізу блогы

Өлшемшарттар мен көрсеткіштер балдары

| № | Өлшемшарттың/көрсеткіштің атауы | Балл/ коэффициц |
|-----|---|--------------------|
| 1. | бағаланатын кезеңде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының даму бағдарламаларын тексерудің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде бұзушылықтардың болмауы- 10 балл | |
| | Бұзушылықтардың болмауы | 8 |
| | Ішкі аудит қызметі жүргізген бюджеттік шығыстармен өзара байланыста аумақты дамыту бағдарламаларының максаттарына қол жеткізуді талдаудың болуы | 2 |
| | Ішкі аудит қызметі жүргізген бюджеттік шығыстармен өзара байланыста аумақты дамыту бағдарламаларының максаттарына қол жеткізуді талдаудың болмауы | 0 |
| | Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының есепті кезеңде тексерулер жүргізбеуі | 5 |
| | Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінде анықталатын бұзушылықтар сыныптамасына сәйкес аудитпен қамтылған бюджет қаражатының жалпы көлеміне шаққанда (тиімсіз шығыстарды қоспағанда) бұзушылықтардың болуы | |
| | 5%-ға дейін | 6 |
| | 5,1 – 9,9% | 3 |
| | 10,0 – 14,9% | 1 |
| | 15%-дан артық | 0 |
| 2. | Азаматтық бюджет жарияланымдарының сапасы мен мазмұны | 2 |
| 2.1 | Азаматтық бюджет жарияланымдары сапасы мен мазмұнының белгіленген талаптарға толық сәйкестігі | 2 |
| 2.2 | Азаматтық бюджет жарияланымдары сапасы мен мазмұнының белгіленген талаптарға 80%-ға дейін сәйкестігі | 1 |
| 2.3 | Азаматтық бюджет жарияланымдарының талаптарына 80%-дан төмен сәйкес ақпараттың орналастырылуы | 0 |
| 3. | Бюджеттеудің жаңа практикаларын (халық қатысатын бюджет (ХҚБ) пайдалану, бонустық коэффициент беріледі | 1,2 |
| 3.1 | ХҚБ арқылы жергілікті бюджетті 5%-ға дейін бөлу, коэффициент | 1,2 |
| 3.2 | ХҚБ арқылы жергілікті бюджетті 3%-ға дейін бөлу, коэффициент | 1,1 |

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2021 жылғы 16 сәуірдегі № 351
мен Республикалық бюджеттің атқарылуын
бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2021 жылғы
15 сәуірдегі № 2-НҚ
бірлескен нормативтік
қаулысы мен бұйрығына
3-қосымша
Мақсаттарға қол жеткізу

"Аумақты дамыту бағдарламасының мақсаттары мен көрсеткіштеріне қол жеткізу" өлшемшарты бойынша жергілікті атқарушы органдарды бағалауға арналған көрсеткіштер тізбесі

| № | Бағыттың/көрсеткіштің атауы | Ақпарат көзі |
|---|---|------------------|
| I . Жалпыұлттық көрсеткіштер | | |
| | Бағыты: Экономика | |
| | Өңірлік макроэкономика | |
| 1 | Халықтың жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім | мың теңге/адам |
| 2 | Өткен жылға қарағанда еңбек өнімділігінің өсімі: өңдеу өнеркәсібінде | % |
| | ауыл шаруашылығында | |
| 3 | Жергілікті бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдердің өсу қарқыны | % |
| 4 | Бақыланбайтын (көлеңкелі) экономика үлесі* | ЖІӨ-дегі % |
| 5 | Нақты ақшалай кірістер индексі | % |
| 6 | Тұтынушылық шығындарға қатысты азық-түлік тауарларына арналған үй шаруашылық шығыстарының құрылымы | % |
| Өнеркәсіп және инвестициялар | | |
| 7 | Өңдеу өнеркәсібіндегі өнеркәсіп өндірісінің индексі | % |
| 8 | Тауарлардың шикізаттық емес экспортының көлемі | млн. АҚШ доллары |
| 9 | 2016 жылға қарай негізгі капиталға салынатын инвестициялар | % |
| 10 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде іске асырылатын жобалардың жалпы санынан жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді талап етпейтін жобалар үлесі | % |
| Агроөнеркәсіптік кешен | | |
| 11 | Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (көрсетілетін қызметтердің) нақты көлемінің индексі | % |
| 12 | Өңделген ауыл шаруашылығы өнімдері экспортының көлемі | % |
| Шағын және орта бизнес | | |
| 13 | ЖІӨ-дегі шағын және орта бизнес үлесі | ЖӨӨ-дегі ЖҚҚ % |
| 14 | Орта кәсіпкерліктің экономикадағы үлесі | ЖӨӨ-дегі ЖҚҚ % |
| Денсаулық сақтау | | |
| 15 | Туу кезіндегі күтілетін өмір сүру ұзақтығы | жас |
| | | |

| | | |
|---|--|---|
| 16 | Аналардың өлім-жітімі | тірі туған 100 мың балаға шаққандағы жағдайлар саны |
| 17 | Нәрестелердің өлім-жітімі | тірі туған 1 мың балаға шаққандағы жағдайлар саны |
| Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау | | |
| 18 | Жұмыссыздық деңгейі | % |
| 19 | Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың жалпы санынан нәтижесіз жұмыспен қамтылғандар үлесі | % |
| 20 | Халықтың неғұрлым аз қамтылған 40%-ның кіріс үлесі (халықтың жалпы кірісіндегі) | % |
| 21 | Атаулы әлеуметтік көмек (шартты ақшалай көмек) алушылардың ішіндегі жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартылғандар үлесі | % |
| 22 | Халықты жұмыспен қамту орталықтарына жүгінгендердің ішінен жұмысқа орналасқан мүмкіндіктері шектеулі адамдардың үлесі | % |
| 23 | Мүгедектерге қол жетімділік қамтамасыз етілген әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілерінің үлесі | % |
| Қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп | | |
| 24 | 10 000 тұрғынға шаққандағы қылмыстың деңгейі | % |
| 25 | Көшелерде жасалған қылмыстардың үлесі | |
| 26 | Төтенше жағдайларға қарсы іс-қимыл инфрақұрылымының қамтамасыз етілу деңгейі | |
| II. Өңірлік көрсеткіштер | | |
| Бағыты: Әлеуметтік сала | | |
| Білім беру | | |
| 1 | PISA тестісінің нәтижелері бойынша мектептегі білім берудің сапасын бағалау: математика бойынша | орта балл |
| | PISA тестісінің нәтижелері бойынша мектептегі білім берудің сапасын бағалау: оқу бойынша | |
| | PISA тестісінің нәтижелері бойынша мектептегі білім берудің сапасын бағалау: ғылым бойынша | |
| 2 | Дуальды оқытумен қамтылған техникалық және кәсіптік білім ұйымдарының білім алушылар үлесі | % |
| 3 | Жұмыс істеп тұрған авариялық және үш ауысымды мектептер саны | бірлік |
| 4 | Балаларды (3-6 жас) мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту | % |
| Мәдениет, спорт және туризм | | |
| 5 | 1000 адамға шаққандағы мәдениет ұйымдарына келушілердің (келу) орташа саны: кітапханаларға | адам |
| | 1000 адамға шаққандағы мәдениет ұйымдарына келушілердің (келу) орташа саны: театрларға | |
| | 1000 адамға шаққандағы мәдениет ұйымдарына келушілердің (келу) орташа саны: концерттік ұйымдарға | |
| | | |

| | | |
|--|--|--|
| | 1000 адамға шаққандағы мәдениет ұйымдарына келушілердің (келу) орташа саны: мұражайларға | |
| 6 | Халықтың спорт инфрақұрылымымен қамтамасыз етілуі | 1000 адамға арналған спорттық алаңдар саны |
| 7 | Өткен жылмен салыстырғанда өңірдегі орналастыру орындары қызмет көрсеткен келушілер санының ұлғаюы | % |
| Бағыты: Инфрақұрылым | | |
| Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы | | |
| 8 | Бір адамға шаққандағы тұрғын үймен қамтамасыз ету | бір адамға шаққандағы ш.м |
| 9 | Күрделі жөндеуді талап ететін кондоминиум объектілерінің үлесін төмендету | % |
| 10 | Орталықтандырылған сумен жабдықтаумен қамтамасыз етілу: қалаларда; ауылдық елді мекендерде | % |
| 11 | Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының үлесі | % |
| | Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы қалалық маңызы бар автомобиль жолдарының үлесі (республикалық маңызы бар қалалар, астана үшін) | |
| Экология және жер ресурстары | | |
| 12 | Тұрмыстық қатты қалдықтардың түзілуіне қатысты оларды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі | % |
| 13 | Экологиялық талаптар мен санитариялық қағидаларға сәйкес келетін тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыру объектілерінің үлесі (оларды орналастыру орындарының жалпы санынан) | |
| 14 | Халықты тазартылған сарқынды сулармен қамту | |